

"Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтаудың тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парағын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 2021 жылғы 16 тамыздағы № 7 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2021 жылғы 16 тамыздағы № 80 бірлескен бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 2026 жылғы 5 қаңтардағы № 1 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2026 жылғы 6 қаңтардағы № 1 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 8 қаңтарда № 37816 болып тіркелді.

БҰЙЫРАМЫЗ:

1. "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтаудың тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парағын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 2021 жылғы 16 тамыздағы № 7 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2021 жылғы 16 тамыздағы № 80 бірлескен бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24034 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырып жаңа редакцияда жазылсын:

"Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтаудың тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы";

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Мыналар:

1) осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтаудың тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

2) осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес заң консультанттарына, заң мәселелері бойынша тәуелсіз мамандарға; лизинг беруші ретінде лизингтік қызметті лицензиясыз жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларға; жылжымайтын мүлікті сатып алу-сату мәмілелерін жүзеге асыру кезінде делдалдық қызметтер

көрсететін дара кәсіпкерлерге және заңды тұлғаларға; бағалы металдармен және асыл тастармен, олардан жасалған зергерлік бұйымдармен операцияларды жүзеге асыратын дара кәсіпкерлерге және заңды тұлғаларға қатысты Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 138-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының сақталуын тексеру парағы;

3) осы бірлескен бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес бухгалтерлік есеп саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын бухгалтерлік ұйымдар мен кәсіби бухгалтерлерге; "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясына; ұялы байланыс операторларына; әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына қатысты Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 138-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының сақталуын тексеру парағы бекітілсін.";

көрсетілген бірлескен бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтаудың тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бірлескен бұйрықпен бекітілген заң консультанттарына, заң мәселелері бойынша тәуелсіз мамандарға; лизинг беруші ретінде лизингтік қызметті лицензиясыз жүзеге асыратын дара кәсіпкерлерге және заңды тұлғаларға; жылжымайтын мүлікті сатып алу-сату мәмілелерін жүзеге асыру кезінде делдалдық қызметтер көрсететін дара кәсіпкерлерге және заңды тұлғаларға; бағалы металдармен және асыл тастармен, олардан жасалған зергерлік бұйымдармен операцияларды жүзеге асыратын дара кәсіпкерлерге және заңды тұлғаларға қатысты Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтаудың мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағы осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бірлескен бұйрықпен бекітілген бухгалтерлік есеп саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын бухгалтерлік ұйымдар мен кәсіби бухгалтерлерге қатысты Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтаудың мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағы осы бірлескен бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің Қаржылық мониторинг субъектілерімен жұмыс департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бірлескен бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бірлескен бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін бес жұмыс күні ішінде оны "Тексеру субъектілері мен объектілерінің бірыңғай тізілімі" ақпараттық жүйесінде орналастыру үшін Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетіне жолдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушы _____ А. Амрин

Қазақстан Республикасы

Қаржылық мониторинг агенттігінің төрағасы _____ Ж. Элиманов

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
міндетін атқарушы
2026 жылғы 6 қаңтардағы
№ 1 мен
Қазақстан Республикасы Қаржылық
мониторинг агенттігі төрағасының
2026 жылғы 5 қаңтардағы
№ 1 бірлескен бұйрыққа
1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2021 жылғы 16 тамыздағы
№ 80 және
Қазақстан Республикасы
Қаржылық
мониторинг агенттігі төрағасының
2021 жылғы 16 тамыздағы
№ 7 бірлескен бұйрығына
1-қосымша

Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтаудың тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтаудың тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабының 5-тармағына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 22 маусымдағы № 48 бұйрығымен бекітілген Реттеуші мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28577 болып тіркелген) сәйкес әзірленді.

2. Осы Өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) бақылау субъектілері – заң консультанттары және заң мәселелері бойынша басқа да тәуелсіз мамандар мынадай қызметтерге: жылжымайтын мүлікті сатып алуға-сатуға, клиенттің ақшасын, бағалы қағаздарын немесе өзге мүлкін басқаруға, банктік шоттарды немесе бағалы қағаздар шоттарын басқаруға, компанияны құру, қамтамасыз ету, оның жұмыс істеуі немесе оны басқару үшін қаражат жинақтауға, заңды тұлғаларды құруға, сатып алуға-сатуға, олардың жұмыс істеуіне немесе оларды басқаруға қатысты олар клиенттің атынан немесе оның тапсырмасы бойынша ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларға қатысатын кездегі жағдайларда; лизинг беруші ретінде лизингтік қызметті лицензиясыз жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер және заңды тұлғалар; жылжымайтын мүлікті сатып алу-сату мәмілелерін жүзеге асыру кезінде делдалдық қызметтер көрсететін дара кәсіпкерлер және заңды тұлғалар; бағалы металдармен және асыл тастармен, олардан жасалған зергерлік бұйымдармен операцияларды жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер және заңды тұлғалар, бухгалтерлік есеп саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын бухгалтерлік ұйымдар мен кәсіби бухгалтерлер; "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы; ұялы байланыс операторлары; әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры;

2) балл – тәуекелді есептеудің сандық өлшемі;

3) болмашы бұзушылықтар – қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстату, терроризмді қаржыландыру және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру (бұдан әрі – КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ) тәуекелінің туындауы үшін алғышарттар жасамайтын, бірақ өз қызметін жүзеге асыру кезінде қаржы мониторингі субъектілері үшін орындау міндетті болып табылатын қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға қарсы және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға (бұдан әрі – КЖ/ТҚҚ/ЖҚҚТҚ) іс-қимыл туралы заңнама талаптарының бұзушылықтары;

4) деректерді қалыпқа келтіру – әртүрлі шәкілдерде өлшенген мәндерді шартты түрде жалпы шәкілге келтіруді көздейтін статистикалық рәсім;

- 5) елеулі бұзушылықтар – КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ тәуекелінің туындауы үшін алғышарттар жасайтын КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ туралы заңнама талаптарының бұзушылықтары;
- 6) өрескел бұзушылықтар – КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ тәуекел келтіретін КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ туралы заңнама талаптарының бұзушылықтары;
- 7) тәуекел – бақылау субъектісі қызметінің нәтижесінде оның салдарының ауырлық дәрежесін, сондай-ақ КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ тәуекелін ескере отырып, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүлкітік мүдделеріне зиян келтіру ықтималдығы;
- 8) тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары – бақылау субъектісінің тікелей қызметімен, салалық даму ерекшеліктерімен және осы дамуға әсер ететін факторлармен байланысты, бақылау субъектілерін (объектілерін) тәуекелдің әртүрлі дәрежелеріне жатқызуға мүмкіндік беретін тәуекелдерді ұлттық және секторлық бағалау нәтижелерін ескере отырып қалыптастырылатын сандық және сапалық көрсеткіштердің жиынтығы;
- 9) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары (бұдан әрі – объективті өлшемшарттар) – КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ саласында тәуекел дәрежесіне байланысты және жеке бақылау субъектісіне тікелей байланыссыз бақылау субъектілерін іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары ;
- 10) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі – субъективті өлшемшарттар) – нақты бақылау субъектісі қызметінің нәтижелеріне байланысты бақылау субъектілерін іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;
- 11) тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі – КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ саласында тәуекелдің жол берілетін деңгейін қамтамасыз ете отырып, кәсіпкерлік еркіндігін шектеудің ең төменгі ықтимал дәрежесі мақсатында бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылауды кейіннен жүзеге асыру үшін бақылау субъектілерін тәуекел дәрежелері бойынша бөлу арқылы қолайсыз факторлардың туындау ықтималдығын азайтуға бағытталған, сондай-ақ нақты бақылау субъектісі үшін тәуекел деңгейін өзгертуге және (немесе) осындай бақылау субъектісін бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылаудан босатуға бағытталған басқарушылық шешімдерді қабылдау процесі;
- 12) тексеру парағы – бақылау субъектілерінің қызметіне қойылатын, олардың сақталмауы КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне қатер төндіруге алып келетін талаптар тізбесі;
- 13) іріктеме жиынтық (іріктеме) – КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ саласындағы бақылау субъектілерінің біртекті тобына жатқызылатын бағаланатын субъектілердің тізбесі.

2-тарау. Тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары

3. Объективті өлшемшарттарды айқындау тәуекелді айқындау арқылы жүзеге асырылады.

4. Бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылауды жүргізу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары бірнеше кезең кезеңімен жүзеге асырылатын объективті және субъективті өлшемшарттарды айқындау (Шешімдерді мультиөлшемшартты талдау) арқылы қалыптастырылады.

Бірінші кезеңде объективті өлшемшарттар бойынша бақылау субъектілері мынадай тәуекел дәрежелерінің біріне жатқызылады:

- 1) жоғары тәуекел;
- 2) орташа тәуекел;
- 3) төмен тәуекел.

Екінші кезеңде субъективті өлшемшарттар бойынша бақылау субъектілері мынадай тәуекел дәрежелерінің біріне жатқызылады:

- 1) жоғары тәуекел;
- 2) орташа тәуекел;
- 3) төмен тәуекел.

Тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері бойынша бақылау субъектісі:

1) тәуекелдің жоғары дәрежесіне – 71-ден 100-ге дейін қоса алғандағы тәуекел дәрежесінің көрсеткіші кезінде;

2) тәуекелдің орташа дәрежесіне – 31-ден 70-ке дейін қоса алғандағы тәуекел дәрежесінің көрсеткіші кезінде;

3) тәуекелдің төмен дәрежесіне – 0-ден 30-ға дейін қоса алғандағы тәуекел дәрежесінің көрсеткіші кезінде жатқызылады.

5. Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі жоғары бақылау субъектілеріне:

бағалы металдар және асыл тастардан жасалған зергерлік бұйымдармен операцияларды жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар;

ұялы байланыс операторлары;

әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры жатады.

6. Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі орташа бақылау субъектілеріне:

лизинг беруші ретінде лизингтік қызметті лицензиясыз жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар;

бухгалтерлік есеп саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын бухгалтерлік ұйымдар мен кәсіби бухгалтерлер;

заң консультанттары – мынадай қызметтерге:

жылжымайтын мүлікті сатып алуға-сатуға;

клиенттің ақшасын, бағалы қағаздарын немесе өзге мүлкін басқаруға;

банктік шоттарды немесе бағалы қағаздар шоттарын басқаруға;

компанияны құру, қамтамасыз ету, оның жұмыс істеуі немесе оны басқару үшін қаражат жинақтауға;

заңды тұлғаларды құруға, сатып алуға-сатуға, олардың жұмыс істеуіне немесе оларды басқаруға қатысты олар клиенттің атынан немесе оның тапсырмасы бойынша ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларға қатысатын кездегі жағдайларда;

бағалы металдармен және асыл тастармен операцияларды жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар;

жылжымайтын мүлікті сатып алу-сату мәмілелерін жүзеге асыру кезінде делдалдық қызметтер көрсететін дара кәсіпкерлер және заңды тұлғалар;

"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы жатады.

7. Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі төмен бақылау субъектілеріне заң мәселелері бойынша тәуелсіз мамандар – мынадай қызметтерге:

жылжымайтын мүлікті сатып алуға-сатуға;

клиенттің ақшасын, бағалы қағаздарын немесе өзге мүлкін басқаруға;

банктік шоттарды немесе бағалы қағаздар шоттарын басқаруға;

компанияны құру, қамтамасыз ету, оның жұмыс істеуі немесе оны басқару үшін қаражат жинақтауға;

заңды тұлғаларды құруға, сатып алуға-сатуға, олардың жұмыс істеуіне немесе оларды басқаруға қатысты олар клиенттің атынан немесе оның тапсырмасы бойынша ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларға қатысатын кездегі жағдайларда жатады.

8. Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекелдің жоғары және орташа дәрежелеріне жатқызылған бақылау субъектілерінің қызметі салаларында бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау, бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау және жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекелдің төмен дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілерінің қызметі салаларында бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау және жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

9. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау тізімдері субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің неғұрлым жоғары көрсеткіші бар бақылау субъектісінің басымдығын ескере отырып жасалады.

10. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды жүргізу еселігі алынған ақпаратты субъективтік өлшемшарттар бойынша талдау және бағалау нәтижелері бойынша айқындалады және жылына екі реттен жиі болмауға тиіс.

11. Тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі бақылау субъектілерін нақты тәуекел дәрежелеріне жатқызатын және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу тізімдерін автоматты режимде қалыптастыратын тәуекелдерді бағалау мен басқарудың ақпараттық жүйені пайдалана отырып жүргізіледі

, сондай-ақ ол мемлекеттік статистикаға, ведомстволық статистикалық байқау қорытындыларына, сондай-ақ ақпараттық құралдарға негізделеді.

Автоматты режимде тәуекелдерді бағалау мен басқарудың ақпараттық жүйесі болмаған кезде бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) жоспардан тыс тексеру жүзеге асырылатын бақылау субъектілері санының ең аз жол берілетін шегі белгілі бір бақылау субъектілері жалпы санының бес пайызынан аспауға тиіс.

3-тарау. Тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары

12. Субъективті өлшемшарттарды анықтау мынадай кезеңдерді қолдана отырып жүзеге асырылады:

- 1) деректер базасын қалыптастыру және ақпарат жинау;
- 2) ақпаратты талдау және тәуекелдерді бағалау.

13. Тәуекел дәрежесін бағалау үшін мынадай ақпарат көздері пайдаланылады:

- 1) бақылау субъектісі ұсынатын есептілік пен мәліметтерге мониторинг жүргізу нәтижелері;
- 2) алдыңғы тексерулердің және бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы профилактикалық бақылаудың нәтижелері;
- 3) мемлекеттік органдар мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері;
- 4) бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері (бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша берілген қорытынды құжаттар).

14. Талдау және бағалау кезінде нақты бақылау субъектісіне қатысты бұрын ескерілген және пайдаланылған субъективті өлшемшарттардың деректері не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап қою мерзімі өткен деректер қолданылмайды.

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы бұрын жүргізілген профилактикалық бақылаудың қорытындылары бойынша берілген бұзушылықтарды толық көлемде жойған бақылау субъектісіне қатысты оларды мемлекеттік бақылаудың кезекті кезеңіне тізімдерді қалыптастыру кезінде енгізуге жол берілмейді.

15. Егер бақылау субъектілері өзін-өзі реттейтін ұйым қызметінің нәтижелерін тану туралы келісім жасалған, "Өзін-өзі реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ерікті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелері болып табылса, олар ақпараттық жүйені қолдана отырып, бақылау субъектілері қызметінің тиісті салаларында тәуекелдің жоғары дәрежесінен тәуекелдің орташа дәрежесіне немесе тәуекелдің орташа дәрежесінен тәуекелдің төмен дәрежесіне ауыстырылады.

16. Бақылау субъектілерінің тәуекел дәрежесін бағалау және оларды тәуекел дәрежесінің өрескел, елеулі және болмашы тобына жатқызу осы Өлшемшарттарға 1-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

17. Қолданылатын ақпарат көздерінің басымдығын және КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚ саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарында белгіленген субъективті өлшемшарттар көрсеткіштерінің маңыздылығын негізге ала отырып, Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін айқындаудың субъективті өлшемшарттар тізбесіне сәйкес тәуекел дәрежесінің көрсеткіші осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес субъективті өлшемшарттар бойынша 0-ден 100 баллға дейінгі шәкіл бойынша есептеледі.

4-тарау. Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін есептеу тәртібі

18. Бақылау субъектісін тәуекел дәрежесіне жатқызу үшін тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеудің мынадай тәртібі қолданылады:

1) субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін (R) есептеу алдыңғы тексерулер мен бақылау (SP) субъектілеріне бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтар жөніндегі тәуекел дәрежесінің көрсеткішін және субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін қосу жолымен, кейіннен деректер мәндерін 0-ден 100 баллға дейінгі диапазонға қалыпқа келтіре отырып, автоматтандырылған режимде жүзеге асырылады.

$R_{арал} = SP + SC$, мұнда

$R_{арал}$ – субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші,

SP – бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші,

SC – субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші.

Есептеу КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚ саласындағы бақылау субъектілерінің біртекті тобының әрбір бақылау субъектісі бойынша жүргізіледі. Бұл ретте мемлекеттік бақылаудың бір саласының бақылау субъектілерінің біртекті тобына жатқызылатын, бағаланатын бақылау субъектілерінің тізбесі деректерді кейіннен қалыпқа келтіру үшін іріктеу жиынтығын (іріктемені) құрайды;

2) алдыңғы тексерулер мен бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша алынған деректер бойынша 0-ден 100-ге дейінгі баллмен бағаланатын бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші қалыптастырылады.

Тәуекел дәрежесін бағалау үшін пайдаланылатын ақпарат көздерінің кез келгені бойынша бір өрескел бұзушылық анықталған кезде бақылау субъектісіне (объектісіне) 100 балл тәуекел дәрежесінің көрсеткіші теңестіріледі және оған қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізіледі.

Егер өрескел бұзушылықтар анықталмаса, тәуекел дәрежесінің көрсеткіші елеулі және болмашы дәрежедегі бұзушылықтар бойынша жиынтық көрсеткішпен есептеледі.

Елеулі бұзушылықтар көрсеткішін анықтау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады.

Бұл көрсеткіш мынадай формула бойынша есептеледі:

$$SP_3 = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,7, \text{ онда:}$$

SP_3 – елеулі бұзушылықтар көрсеткіші;

SP_1 – елеулі бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP_2 – анықталған елеулі бұзушылықтар саны;

Шамалы бұзушылықтар көрсеткішін анықтау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады.

Бұл көрсеткіш мынадай формула бойынша есептеледі:

$$SP_n = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,3, \text{ онда:}$$

SP_n – шамалы бұзушылықтар көрсеткіші;

SP_1 – шамалы бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP_2 – анықталған болмашы бұзушылықтар саны;

Бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші (SP) 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі және мына формула бойынша елеулі және шамалы бұзушылықтардың көрсеткіштерін қосу арқылы айқындалады:

$$SP = SP_3 + SP_n, \text{ онда:}$$

SP – бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші;

SP_3 – елеулі бұзушылықтар көрсеткіші;

SP_n – шамалы бұзушылықтар көрсеткіші;

Бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің алынған мәні субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің есебіне енгізіледі;

3) субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу 0-ден 100 балға дейінгі шәкіл бойынша жүргізіледі және мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$SC = \sum_{i=1}^n x_i * w_i, \text{ мұнда}$$

x_i – субъективті өлшемшарт көрсеткіші,

w_i – x_i субъективті өлшемшарт көрсеткішінің үлес салмағы,

n – көрсеткіштер саны.

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің алынған мәні субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің есебіне енгізіледі;

4) R көрсеткіші бойынша субъектілер бойынша есептелген мәндер 0-ден 100 балға дейінгі диапазонға қалыпқа келтіріледі. Деректерді қалыпқа келтіру әрбір іріктемелі

жиынтық (іріктеме) бойынша мынадай формуланы пайдалана отырып жүзеге асырылады:

$$R = \frac{R_{\text{пром}} - R_{\text{min}}}{R_{\text{max}} - R_{\text{min}}} \times 100,$$

R – жеке бақылау субъектісінің субъективті өлшемшарттары бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші (қорытынды),

R_{max} – бір іріктемелі жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің шәкілі бойынша ең жоғарғы ықтимал мән (шәкілдің жоғарғы мәні),

R_{min} – бір іріктемелі жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің шәкілі бойынша ең төменгі ықтимал мән (шәкілдің төменгі шегі),

Рарал – осы тармаққа 1-тармақшаға сәйкес есептелген субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші.

Қазақстан Республикасының
қылмыстық жолмен алынған
кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға),
терроризмді қаржыландыруға және
жаппай қырып-жою қаруын таратуды
қаржыландыруға қарсы іс-қимыл
туралы заңнамасын сақтаудың
тәуекел дәрежесін
бағалау өлшемшарттарына
1-қосымша

Бақылау субъектілерінің қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын бұзушылықтарының дәрежелері

№ р/б	Өлшемшарттар	Бұзушылық дәрежесі
1	Қаржы мониторингіне жататын ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен жасалатын операциялар туралы, оның ішінде дұрыс емес ақпарат беру	өрескел
2	Қаржы мониторингіне жататын ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен жасалатын операциялар туралы ақпаратты уақтылы ұсыну	болмашы
3	Уәкілетті органның сұрау салуы бойынша, оның ішінде дұрыс емес ақпаратты, мәліметтер мен құжаттарды ұсыну	өрескел

4	Уәкілетті органның сұрау салуы бойынша ақпаратты, мәліметтерді және құжаттарды уақтылы ұсыну	болмашы
5	Мәліметтер мен құжаттарды тіркеу, оларды сақтау және қорғау жөнінде шаралар қабылдау	елеулі
6	Клиенттерді (олардың өкілдерін) және бенефициарлық меншік иелерін тиісінше тексеру жөнінде шаралар қабылдау	өрескел
7	Ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларды тоқтатып қою жөнінде шаралар қабылдау	өрескел
8	Клиентпен іскерлік қатынастар орнатудан және ақшамен және (немесе) мүлікпен операциялар жүргізуден бас тарту, клиентпен іскерлік қатынастарды тоқтата тұру жөнінде шаралар қабылдау	өрескел
9	Ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларды тоқтата тұру жөніндегі шаралар туралы, іскерлік қатынастар орнатудан, ақшамен және (немесе) мүлікпен операциялар жүргізуден бас тарту, клиентпен іскерлік қатынастарды тоқтату туралы ақпарат беру	өрескел
10	Ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларды тоқтата тұру жөніндегі шаралар туралы, іскерлік қатынастар орнатудан, ақшамен және (немесе) мүлікпен операциялар жүргізуден бас тарту, клиентпен іскерлік қатынастарды тоқтату туралы ақпаратты уақтылы ұсыну	болмашы
11	Уәкілетті органның шешімі бойынша клиенттердің операцияларын тоқтата тұру	өрескел
12	Өз клиенттеріне және өзге де тұлғаларға уәкілетті органға ақпарат беру және уәкілетті органның ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен күдікті операциялар жасайтын ұйымдар мен тұлғалардың тізбесін алу туралы хабарлама беру	өрескел
13	Ішкі бақылау ережелерінің болуы	өрескел
	КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚ заңнамасының талаптарына сәйкес ішкі бақылау	

қағидалаларының сәйкес келмеуі, оның ішінде:

ішкі бақылау қағидалары ішкі бақылауды ұйымдастыру, тәуекелдерді басқару, клиентті сәйкестендіру, клиенттердің операцияларын мониторингтеу және зерделеу, даярлау және оқыту бағдарламаларын қамтиды; ішкі бақылау қағидалары субъектімен (жоғарғы басқару органымен немесе басшысымен) бекітіледі және жеке кабинетте орналастырылады;

ішкі бақылауды ұйымдастыру бағдарламасы:

- 1) ішкі бақылау қағидаларының іске асырылуына және сақталуына жауапты адамды (бұдан әрі – жауапты адам) тағайындау тәртібін;
- 2) жауапты адамға жүктелетін өкілеттіктері мен міндеттерін;
- 3) жауапты адамның уақытша болмауы кезінде (демалыс, уақытша еңбекке жарамсыздық, қызметтік іссапар) оның міндеттерін жүктеу тәртібін;
- 4) КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚ бойынша функцияларды орындайтын құрылымдық бөлімшенің (болған жағдайда) өкілеттіктері мен міндеттерін.
- 5) субъектінің және оның филиалының (болған жағдайда) ішкі бақылау жүйесінің сипаттамасы, сондай-ақ ішкі бақылау қағидаларын іске асыру мәселелері бойынша заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелерінің (жеке кәсіпкердің қызметкерлерінің) өзара іс-қимылы тәртібін;
- 6) ішкі бақылау қағидаларына өзгерістер енгізу тәртібін;
- 7) ішкі бақылау жүйесін тексеру тәртібін;
- 8) КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚ бойынша міндеттерді іске асыру нәтижесінде алынған құжаттар мен мәліметтерді сақтау тәртібін қамтиды;

тәуекелдерді басқару бағдарламасы:

1) іскерлік қатынастарды орнату кезінде клиентті бағалау және тәуекел дәрежесіне (деңгейіне) жатқызу, сондай-ақ клиенттерді тиісінше тексерудің жеңілдетілген немесе күшейтілген шараларын қолдану тәртібін;

2) клиент тәуекелінің дәрежесін (деңгейін) қайта қарау тәртібі мен мерзімдерін;

3) тәуекелдерді басқару тәртібін;

4) жаңа қызметтерді (өнімдерді)

және (немесе)

бағдарламалық-техникалық құралдарды КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ мақсатында пайдалану тәуекелдерін бағалау, оларды төмендетуге бағытталған шаралар кешенін әзірлеуді қосатын тәртібін;

5) тәуекел дәрежесін (деңгейін) бағалау және тәуекелдерді басқару нәтижелерін тіркеу тәртібін қамтиды;

клиентті сәйкестендіру бағдарламасы:

1) клиентті (оның өкілін) және бенефициарлық меншік иесін тиісінше тексеру, сондай-ақ алынған мәліметтердің дұрыстығын растау шараларын қабылдау тәртібін;

2) клиенттің (оның өкілінің) және бенефициарлық меншік иесінің терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбелерінде болуын тексеруді;

3) ақшалай қаражаттардың немесе өзге мүліктің шығу көздерін айқындай отырып, шетелдік жария лауазымды адамдарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін жария лауазымды адамдар тізбесіндегі адамдарды анықтау тәртібін;

4) Ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын

елеулі

әзірлеу тобының (ФАТФ) ұсынғандарын орындамайтын мемлекетте (аумақта) тіркелген немесе тұрғылықты жері бар заңды және жеке тұлғаларды айқындау тәртібін қамтиды; клиенттердің операцияларын мониторингтеу және зерделеу бағдарламасы:

1) қаржы мониторингіне жататын операцияларды және күдікті қызметті анықтау рәсімдерін;

2) операцияны жүргізуден немесе іскерлік қатынастарды орнатудан (тоқтату) бас тарту туралы шешім қабылдау тәртібін;

3) операциялары тоқтатып қою жөніндегі шаралар қолданылуға тиіс өз клиенттерінің болуына қатысты салыстыру жүргізудің тәртібі мен кезеңділігін;

4) операцияларды тоқтатып қою жөнінде шаралар қабылдау тәртібін;

5) операцияларды тоқтата тұруға байланысты іс-қимылдар тәртібін;

6) хабардар етуге тыйым салуды ескере отырып КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚ бойынша қолданылатын шаралар туралы клиентті хабардар ету және өзара іс-қимыл жасау тәртібін;

7) клиенттердің жолданымы шеңберінде ақшамен немесе өзге мүлікпен операцияларды жүзеге асыру үшін клиенттермен өзара іс-қимыл жасау тәртібін;

8) уәкілетті органға операцияны жүргізуден немесе іскерлік қатынастарды орнатудан (тоқтату) бас тарту, операцияларды тоқтатып қою және тоқтата тұру фактілері туралы хабарламалар беру тәртібін қамтиды;

КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚ саласында субъектіні даярлау және оқыту бағдарламасы:

1) КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚ саласындағы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін және КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚ саласындағы халықаралық стандарттарды зерделеуді;

2) ішкі бақылау қағидаларын және олардың жүзеге асырылу бағдарламаларын, сондай-ақ ҚЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚ туралы Қазақстан Республикасының заңнамалық талаптарын орындамағаны үшін жауапкершілік шараларын қызметтік міндеттерді орындау барысында зерделеуді;

